



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ _____

от «__» _____ 20__ года

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

**Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшемшарттарын
бекіту туралы**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 21-2) тармақшасына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағы мен 36-бабына, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 11 маусымдағы № 917 Жарлығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарын бағалаудың ұсынылып отырған өлшемдерін бекіту.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13364 болып тіркелген);

2) «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 7 сәуірдегі № 132 бұйрығының 18-тармағы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20339 болып тіркелген);

3) «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23694 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні